

**Ж.Б. Момынкұлов**

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯ МЕН ДІННІҢ АРАҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ ҰҒЫМЫ

**Тарихи-саяси жағдай:** Әл-Фараби - философия мен діннің арақатынасы туралы зерттеген алғашқы шығыс философы. Оның осы мәселе жайлы күрделі көзқарастары кейінгі мұсылман философтары үшін үлкен пікірталастың негізіне айналды. Ғұламаның ойынша, теология және заң қоғамның басшысы және заң шығарушысы ретіндегі пайғамбардың анықтаған ережелері шеңберінде дамиды құбылыстар. Бұл қауымда пайғамбарға берілген білім немесе аян сол қоғам мүшелерінің жасайтын іс-әрекеттерін және ұстанатын ой-пікірлерін анықтайтын негіз; адамның осы дүниеде және о дүниеде бақытты болуының кепілі. Философия ақиқатты өзіне ғана телитін мұндай діни шектеуді танымайды. Дін практикалық ғылымды индивидуалистік этикамен шектейді.

Әл-Фараби философияны ислам дінінің жаңаша формасында қарастырады. Философияны практикалық тұрғыда жүзеге асыру саясатқа әкеліп тірейді. Ал, саяси білімдердің мақсаты - бақыт ұғымын анықтап, оны қоғамдар мен халықтардың пайдасына жаратудың жолдарын зерттеу. Фараби өмір сүрген кезеңде мұсылман қоғамының негізгі ұстындарын зерттеудің қажеттілігі туды. Заң шығарушы пайғамбар, шариғаттың мақсаттары, сенім мен іс-әрекеттердің заңдастырылуы ж.т.б. мәселелер философиялық ой елегінен өткізіле бастады. Философиялық космология, психология және саясат әл-Фарабидің қорытындылауымен саяси теологияға айналды. Соңғысының мәні ислам қоғамының негіздерін түсіндіріп, ғылыми пайымдау бағытында реформа жасау және философтарды практикалық істердегі рөлін арттыру еді.

Әл-Фарабидің теологиялық және саяси ой-пікірі одан кейінгі мұсылман философтардың философия мен дін арасындағы байланысты түсінуге жол ашты. Фарабидің дін мен философияның арақатынасы туралы ойларын кейінгі ғұламалар қарастырып, жаңартып, ілгері дамыта алды. Философия мен діннің ұқсастығын немесе туыстығын алға тартқан әл-Фараби заң шығарушы пайғамбар туралы идеяның философ-патша туралы идеямен парапар екендігін дәлелдейді. Мұнысымен әл-Фараби өзіне дейінгі әл-Кинди мен әр-Разиге қарсы пікір айтып тұр: бұлардың алғашқысы пайғамбарлар мен философтардың ең жоғарғы ақиқатқа жеке немесе тәуелсіз жолдармен жететінін айтса, соңғысы философияның ғана ақиқатқа жеткізетінін өзінше дәлелдеді. Бір адамның пайғамбар, заң шығарушы, философ және патша

болуы бұл қызмет түрлерінің бірдей яки парапар екендігін білдірмейді. Бұл қызмет түрлері философиялық зерделеудің заңды салаларына жатады. Философия пайғамбар, заң шығарушы және патшаның билігіне, біліміне және қызметіне сүйенуге тиісті. Әл-Фараби философияның қоғам-саяси ролін ерекше атап өтіп, философтардың халықпен қарапайым тілде сөйлесуге және қоғамды жетілдіретін іс-әрекеттерге баруға мәжбүр екендігін баса айтты. Әл-Фараби өмір сүрген ғасырда ислам әлемінің саяси жағдайы тепе-теңдікте еді: билікте мықты орныққан сунниттік халифатқа қарсы оған қауіп төндіретін балама идеологиялық күш – шииттік ағымдар бар еді. Олардың арасынан исмаилиттер неоплатонистік философияның күшті ықпалында болғаны мәлім. Иран аймағында сунниттік діни-саяси заңдардың ескіргендігі, олардың орнына «қамның», яғни жаңа имамның келетіндігі туралы сенімдер күшейе бастады. Исмаилиттік философтар саяси өмірдің практикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін саяси теориялар жасап, сунниттік халифаттың орнын алмастыратын практикалық әрі өміршең балама ойластыра бастады. Осы тұста әл-Фарабидің теологиялық-саяси пікірлері исмаилиттер теологиясының негізгі шикі, әлсіз жақтарын көрсетіп берді. Мысырдағы фатимидтер (969-1171) дәуірінде исмаилиттер идеологиясы әл-Фараби нұсқаған бағытта өзгеріп, қоғамның Құдай заңдарымен жүре беруі керектігі туралы көзқарасқа қайтып оралады. Осылайша, әл-Фарабидің дін турасындағы саяси ойлары геосаяси-тарихи маңызға һәм ықпалға ие болды.

**Философия мен діннің бірлігі.** Әл-Фараби өзінің ұстазы Платон сияқты философияның адам өміріндегі рөлін арттырмақ болды: яғни, ол философияның асыл мақсаттарын қарапайым қоғамға түсіндіру арқылы жеткізуге бел буды. Әл-Фараби осы ойын жүзеге асырмақ болып, Мұхаммед пайғамбардың талпыныстарын Платонның ойларымен байланыстырды. Отырарлық философтың пікірінше, парасатты басқарушының басты ерекшелігі – асқақ рухани идеяны бейімдеп, қорытып, оның мәнін қарапайым адамдарға жеткізе білуі.

Алайда, әл-Фарабидің адамның жаратылысы туралы эманациялық ойларының Құранның осы мәселе туралы ұстанымдарына қайшы болғандығын да айтқан жөн. Әл-Фараби сол кезеңде ыдырау қаупі алдындағы ислами елдер мен қоғамдарды біріктіру үшін өзінің «Китабуль-

Хуруф» атты еңбегінде барлығына ортақ негізді – философия мен діннің бірлігі туралы пікірді дамытқысы келді. Оның ойынша, білім мен бақытқа рухани толғаныстың нәтижесінде емес, керісінше дәлелдеу арқылы алынатын білімнің нәтижесінде қол жеткізіледі. Әл-Фарабидің қорытындылауы бойынша, дін де, философия да түптің түбінде ортақ ақиқатты меңзейді. Философия ақиқатты іздейді және орнатады. Дін болса, ақиқаттан бастау алатын қиялдар мен идеялардың адам жанында көрініс табуы. Дін мен философияның табысуы бақытты қоғамды қамтамасыз етеді.

Әл-Фараби классикалық мағынадағы логиканы қабылдамайтын ислами ортада логикалық мектепті құрғысы келді. Әл-Фараби дін мен философияның пайда болуын адамның қабілеттерінің дамуымен тікелей байланыстырады. Оның ойынша, ойлаудың ең жоғарғы шыңы – дәлелдік жолмен пайымдау болды. Осылайша, философия қалыптасып, одан кейін шарифат немесе дін пайда болады. Фарабидің пайымдауынша, философия діннен бұрын келеді, ал, дін болса бұқараға жетудің жолдары ғана. Ғылымдарға келсек, философияның көмегімен қол жеткізілетін ақиқаттарды білдіру. Алайда, кей кезеңдерде дін (бұл жерде ислам уммасы туралы) философиядан бұрын қалыптасуы мүмкін. Осы себепті діни түсініктер мен философиялық пайымдаулар арасында қайшылықтар болуы ықтимал. Философтардың міндеті екеуінің арасында ешбір қайшылықтың болмайтынын, діни негіздердің философияда орныққан ақиқаттардың мысалы яки үлгісі ғана екендігін түсіндіруге келіп саяды.

Әл-Фараби өзінің еңбектерінің бірінде Алла Тағаланың мәнін анықтаудың мүмкін еместігін мойындайды. Себебі, адам ақылы шектеулі болғандықтан және материямен байланысты болғандықтан Алланы түсіну мүмкін емес. Әл-Фараби Құдайдың мәнісі турасында мынадай мысал келтіреді: сәуленің яки жарықтың көмегімен заттар көзімізге анық көрінеді. Алланың нұрының кәмілдігі мен күштілігінен жай бір құрал болып табылатын көзіміз оны көре алмайды. Алланың адамға берген білімінің шектеулілігі Алланың абсолютты кемелдік иесі екендігінің салдары. Алланың болмысын толық түсіну үшін табиғатымыз барлық материя түрлерінен құтылуы қажет.

Философтың ойынша, дін дегеніміз философияға еліктейтін немесе ұқсағысы келетін жүйе. Заң шығарушы, Құдайдан шабыт пен аян алатын билеуші табиғаты жөнінен философ-патшаға парапар. Әл-Фарабидің түсінігінде дін кез келген қоғамды біріктіретін фактор. Қоғамдардың бүлік пен кемшіліктерден ада болуы мүмкін емес. Бұл жайт діндерге де, адамдарға қатысты болса керек. Сондықтан, дұрыс дін

философияның ең жоғарғы дәрежелеріне ұмтылса керек. Бұл үшін белсенді ойлау қабілеті арқылы адами мәртебелердің ең үстінгісіне жету қажет.

### **Пайғамбарлық және ақыл теориясы.**

Пайғамбарлық ұғымы діннің негізін құрайтын түсінік. Кез келген дінді зерттеу оның негізін салушы пайғамбарға келіп тіреледі. Пайғамбарлық «араб философтарының» діни және зайырлы пікірталастарында кеңінен орын алған мәселелерден бірі. Өйткені бұл мәселе өзінің мәні, негізі және «уахи», «мұғжиза», «иләһият» мәселелерімен байланысы жағынан маңызды тақырып болып есептелді. Әл-Фараби жеке қарастырған осы мәселе уахи (Құдайдың берген білімі немесе аяны), ақыл және қиял күші сияқты бірқатар түсініктермен тығыз байланыста болды. Фарабиді келесі сұрақтар маза-лады: пайғамбарды «Мұстафа» (таңдаулы, қалаулы) есімімен сипаттау қаншалықты орынды? Пайғамбардың билігі қандай болуы және қай салаларды қамтуы керек? Қайсысы мәртебесі жөнінен үстемірек: пайғамбар ма, әлде философ па? Бұл мәселенің маңызды болғаны соншалық, тіпті кейбір ойшылдар әл-Фарабидің саяси философиясын пайғамбарлық туралы теория деп есептеген [1, 3 б.].

Әл-Фараби діни тұрғыдан иман мәселесі болып саналатын, ақылмен түсіндірілуі өте қиын уахи ұғымын теориялық тұрғыдан зерттейді. Әл-Фараби адам жанының барлық қабілеттері арасынан ақылды ерекше жоғары қояды. Қоғам ішіндегі барлық ақылдар бірігуге тиісті. Одан бұрын талдау, пікірталас және сыни ой қажет. Бір-біріне қайшы пікірлердің белгілі мәмілеге келіп, орнығуы тиіс. Алайда, барлығы үшін ортақ бір тоқтамға келу әрдайым дұрыс болмауы мүмкін. Қоғамның барлық мүшелері бағынатын ықпалды кісінің бағыты дұрыс болмауы мүмкін. Сондықтан, философ бірнеше ақылдан туындаған көзқарастарды ұстануды дұрыс деп есептейді. Ақылдың арқасында адам баласы бақытқа жету жолында үлкен қадам жасап, кемелдіктің жоғарғы сатысына көтеріледі. Адамның жаны өзінің «потенциалды (әлеуетті) ақылының» арқасында табиғатта бар заттардың мәндерінің бейнелерін (ұғымдарын) қабылдау арқылы ғылым мен өндірісті игереді. «Ақтуалды (шынайы) ақыл» әлеуетті ақылдың ұғымдарды түсінуінен пайда болады. Ал, мәндердің мәнін, заттардың табиғатын түсінетін ақыл – «пайда болған ақыл». Ақтуалды ақылдың ұғымдарды пайымдауынан дерексіз ойлауға бейім пайда болған ақыл қалыптасады. «Жасампаз ақыл» - абстракциялық, дерексіз ақыл, оның өзі мән, одан ақиқаттар «туады». Жасампаз ақыл потенциалды ұғымдарды шынайы ұғымдарға айналдырады [2, 24 б.].

Әл-Фарабидің ілімінде барлық заттар иерархиялық, сатылы тәртіпке сай орналас-тырылған. Адамдағы ақыл үш сатылы күйде жоғарылап, түрленіп тұрады. Ақылдың аталмыш үш түрі біртұтас шоғырланған адамда жасампаз ақыл пайда болады. Ондай кісінің ойлау қабілеті мен қиял күшіне шабыт келіп, жасампаз ақылы арқылы Алла Тағаладан аян беріледі / уахи түседі. Алладан тасыған білім жасампаз ақылдан пайда болған ақыл арқылы шынайы ақылға, кейін қиял күшіне дариды. Шынайы ақылына білім берілген кісі дана, ақылгөй философ болады, қиял күшіне білім дарыған кісі болашақтан хабар беруші, ескертуші пайғамбар болады. Міне бұл бақыттың ең жоғары дәрежесі, адамдықтың ең кәміл мәртебесі. Әл-Фараби «Жасампаз ақылға «Рухуль-Әмин» және «Рухуль-Қудус» (Жебірейіл періште немесе Киелі Рух) деуге болады» – дейді. Ақылдың, ақылмен пайымдаудың, саясаттың және ахлақтың ең түпкі мақсаты нақты игіліктер емес, абсолютты игілік – бақыт. Фараби қиял күшінің қызметін анықтай келе, ол арқылы алынатын білімнің кейбірінің жалған, кейбірінің рас екенін айтады: «Қиял күші дамыған адамдар жоғары қабілеттерге ие болса да, кейде шынайы болмыста жоқ нәрселерді қиялдайды, қиялындағы бейнелер иесінің сезіміне әсер етіп, ақиқатында мүлдем жоқ заттарды көргендей етіп әсер қалдырады». Оның бұл ойлары мұсылман шығысында бірқатар пікірталастардың тууына себеп болғаны анық. Қиял күші жетілген кісілер ұйқы немесе ояу кезінде қиялына келген ойлардың күшті әсерімен көзіне қазірге яки келешекке қатысты ақиқат көрінеді. Мұны Фараби қиял күші арқылы жетуге болатын ең жоғарғы мәртебе дейді [3, 44 б.].

Пайғамбарлық пен философияның қайсысының үстем екендігі жайлы ғалымдардың пікірлерінің екіге бөлінгені рас. Корбен «Әл-Фарабидің философия пайғамбардан жоғары қойғанын айта алмаймыз» десе, Джон Голиви керісінше пікір айтып, бұған айғақ ретінде Фарабидің жасаған қорытындыларын келтіреді, яғни, философияны діннен жоғары қояды. Десек те, әл-Фарабидің ойлау қабілетін, логикалық дәлелдеуді қиял күшінен, сезімнен жоғары қойғаны айқын. Сонымен, пайғамбар - өзіне берілген білімді / ақиқатты мысал келтіру, қисса айту және рәміздерге салу арқылы адамдарға жеткізуші болып шықты. Әл-Фарабидің ойынша, пайғамбарлықты «таңдаулы болумен» түсіндіруге болмайды. Демек, пайғамбар – қиял күші анағұрлым дамыған кісі. Фараби «Пайғамбарлық табиғатқа кереғар жайт емес» деп айтқан. Әл-Фараби пайғамбарлық ұғымын рационалистік тұрғыдан түсіндіруге талпынған. Сондықтан, оны философиялық

пайымдауға бағындырып, дінді құпия да киелі сипатынан ажыратады. Сондай-ақ, Фараби философия пайғамбар деңгейіне көтеріле алатындығын алға тартқан. Қарапайым адамдардың ұйқы кезінде сезіміндегі бейнелер қиял арқылы қайта жанданса, пайғамбарлық жағдайында бейнелер керісінше қиял күшінен сезімге өтеді. Қарапайым кісілер түсінде көргендерін айтып түсінуге тырысса, пайғамбар да өзіне келген аянның мәнін түсіндірумен шұғылданады. Десек те, Фараби пайғамбардың керемет күй кешетінін, ерекше киелі қасиеттерін мойындай келе, уахидің қасиетінің кәдімгі адам өмірінен үстем екенін жазады. Осылайша, Фараби уахиді ақылмен түсіндіруге болатынын өзінше дәлелдеді.

Қорытындылайтын болсақ, пайғамбар Алладан уахиді Жебірейіл періште (жасампаз ақыл) арқылы қабылдап, қиял күшінің көмегімен өзіне уахи етілгенді расында өзіне көрініп тұрғандай күй кешеді. Кейін, пайғамбар уахидің мәнін бұқараның сана-сезіміне сай бейімдеп, күмәнсіз қабылдайтындай етіп, поэтикалық формаға салады. «Философияның жолы сезімдерге берілмей, ақиқатты таза, абстракциялы күйінде беру болса, шарифат иелерінің жолы тура жолға көндіру арқылы болады» [4, 75 б.].

Әл-Фараби ақылдың қиялдан абзал екендігі туралы пікірді ұстанды. Алайда, ғұлама бабамыз пайғамбарлықтың өте маңызды саяси және этикалық ролін жоғары бағалады. Пайғамбар ізгілікті қаланың әкімі болғандықтан, оның билігі дін саласымен ғана шектелмей, азаматтық өмірдің барлық салаларымен байланысты болуы қисынды. Айта кетерлік бір қызық жайт, әл-Фарабидің ойындағы пайғамбар жоғары идеалдар мен асқақ мұраттарды қарапайым халықтың ақыл-санасына жеткізуге қабілетті болса, философ билеуші ақиқатты логикалық яки аподейктикалық формаға сай бұқараға түсіндіруге қиындықтарға тап болды. Екеуінің де өте маңызды саяси міндеті бар – ізгілікті қоғамды басқару. Екеуінің рухани – рационалды бастауының ортақ (жасампаз ақыл яки Жебірейіл періште) болуы саясаттың негіздерінің бұлақтай тұнық болуы керектігін білдірсе керек. Философ пен пайғамбардың қайнар көзі бір, ақиқатқа жету жолдары әртүрлі, табиғаты да бөлек. Философиялық ақиқат абстракциялы, дерексіз сипатта болса, пайғамбар ақиқаты рәміздік мәнге ие.

Сонымен, әл-Фарабидің пікірінше сыртқы көзге тең болып көрінген философ пен пайғамбардың алғашқысы басым болып шықты. Фараби «Әл-Миллә» (Дін туралы трактат) атты еңбегінде діннің практикалық орындалуының мәселелерінің практикалық философияның негіздерімен байланыстығы туралы айтылады.

Екінші ұстаз атанған Фараби бұл теориялық ойларымен өз заманындағы саяси билік мәселесін шешудің бір жолын ұсынуы мүмкін. Философтың уахи туралы пайымдауларына келсек, оларды өз негізіне, яғни ислам дініне сілтеген жөн шығар.

Саясатты рационалдандыру тенденциясының аясында пайғамбарлық мәселесі бәлкім бір идеологиялық мәселені шешуге де қажет болған шығар.

<http://www.muslimphilosophy.com/ip/rep>  
[http://www.alshindagah.com/novdec03/shindagah\\_arabic\\_5/alfarabi.htm](http://www.alshindagah.com/novdec03/shindagah_arabic_5/alfarabi.htm)

28 - الفارابي، كتاب الملة و نصوص أخرى، تحقيق و تقديم و تعليق محسن مهدي، بيروت 1991، دار المشرق، الطبعة الثانية، ص 44.

\* \* \*

В данной статье в рамках взглядов аль-Фараби о соотношении науки и религии рассматривается понятие о пророке. Автором статьи изучены философские воззрения восточного мыслителя аль-Фараби о соотношении философского мышления и религиозного мировоззрения.

\* \* \*

In this article the concept of the prophecy in al-Farabi's views of correlation of science and religion is considered. Author of the article researches the philosophical views of al-Farabi which concerned the political and ethical role of the prophet, also the correlation of philosophic thinking and religious knowledge.

### Ш.Ш. Әлиев

#### АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ БАСҚАРУ - ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Біз куә болып отырған ғасыр - ақпарат ғасыры болып табылады. Адамзат қауымы дамуың жаңа сатысына - ақпараттық қоғамға аяқ басты. Бүгінгі таңда қоғамдық санаға ықпал ететін, бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш, бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі – ақпарат құралдары арқылы басқару болып табылады. Бүгінгі таңда ақпарат - кез келген шекараны бұзып-жарып өтіп кете беретін сынаптай сырғыған қаруға айналғандығын естен шығармаған абзал.

Бүгінгі ХХІ ғасырдың негізгі құндылығы - ақпарат. Ал ақпарат таратуда теледидар, газет-журналмен қатар соңғы уақытта ғаламтордың да үлес салмағы артып келеді. Бұл процестердің қоғамдық сананың қалыптасуы мен өзгерісіне тигізер әсері мол. Бүгінгі күні маңызды ақпаратқа ие болу - билікке ие болу дегенді білдіреді. Осы тұста азаматтардың ақпараттық сауатты болуы маңызды. Олай болмаса біз өркениет көшінің артында қалып кетеміз. Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, видеоақпараттардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан ары шығып кетуі осыған айғақ. Осындай әлемдік ауқымда жүріп жатқан заманауи үрдістен, өркениеттің көшінен біздің еліміз де қалыс қала алмасы түсінікті. Қаласақ та, қаламасақ та заман ағымы осылай.

Американдық социолог Э.Тоффлердің үшінші билік – ақпараттық билік деп айтуы да тегін

емес. Ол біздің дәуірімізге тән негізгі белгілерді сипаттай отырып, мынадай баға береді: «Интерактивтілік, мобильділік, өзара байланыс мүмкіндігі, қайтымдылық, жаһандану секілді белгілер. Осылардың барлығы ендігі таңда жаңа биліктің – ақпараттық биліктің маңыздылығын көрсетеді» [1, 346]. Бұл жаңа, құдіретті және алғыр ақпараттық технологияның қанат жаюымен байланысты және бүгінгі таңда биліктің басты ресурсы ретінде - білім мен ақпарат табылады. Ақпаратты өндіру, оны алмасу және тұтыну басқару қызметінің ең қажетті атрибуты болып есептелетін бүгінгі таңда - бұл біз өмір сүріп отырған дәуірдегі өзекті мәселелердің біріне айналуда. Жаңа ақпараттық технологиялардың енуі дәстүрлі басқару саласын түбегейлі өзгерістерге алып келді. Қазіргі таңда бүкіләлемдік ақпараттық кеңістік процесі қарқынды түрде жүруде. Қазіргі шетелдік ақпарат жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдары биліктің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Қазіргі зерттеушілердің айтуынша, ақпараттың пәрменділігі өзінің әсер етуі жағынан ядролық қарудан асып түспесе, кем түспейтін көрінеді.

Бұл дәуірде басқару құбылысы құлақ естіп, көз көрмеген дәрежедегі мүмкіндікке ие. Ақпараттандыру адамзаттың жаһандық сарқылмас қорына айналып, ақпарат билеген үздіксіз қозғалысқа ие дәуірге аяқ басты. Ақпараттандыру, басқару мен ұйымдастыру жаңа өркениеттік дәуірде прогреске жетелейтін зор локоматив секілді мемлекеттердің дамуында қозғаушы күш қызметін атқаруда. Олар мемле-